

**ISSN (Print) 2616-6895**  
**ISSN (Online) 2663-2497**

**ВЕСТНИК**  
ЕВРАЗИЙСКОГО  
НАЦИОНАЛЬНОГО  
УНИВЕРСИТЕТА  
ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА

**BULLETIN**  
of L.N. GUMILYOV  
EURASIAN NATIONAL  
UNIVERSITY

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ  
ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
**ХАБАРШЫСЫ**

**ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. ӘЛЕУМЕТТАНУ сериясы**  
**PEDAGOGY. PSYCHOLOGY. SOCIOLOGY Series**  
**Серия ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. СОЦИОЛОГИЯ**

**№ 3 (128)/2019**

1995 жылдан бастап шығады  
Founded in 1995  
Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады  
Published 4 times a year  
Выходит 4 раза в год

Нұр-Сұлтан, 2019  
Nur-Sultan, 2019  
Нур-Султан, 2019

**Бас редакторы**  
**Молдажанова А. А.**  
п.ғ.д., проф. (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары (педагогика)	<b>Г.Ж. Менлибекова</b> , п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Бас редактордың орынбасары (психология)	<b>А.Р. Ерментаева</b> , п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Бас редактордың орынбасары (әлеуметтану)	<b>Н.О. Байғабылов</b> , PhD (Қазақстан)

*Редакция алқасы*

<b>Есенғалиева А. М.</b>	п.ғ.к., доцент (Қазақстан)
<b>Иванова Г.П.</b>	п.ғ.д. (Ресей)
<b>Исламова З.М.</b>	п.ғ.к., доцент (Ресей)
<b>Кажғалиева А.</b>	докторант (Қазақстан)
<b>Калдыбаева О.В.</b>	PhD (Қазақстан)
<b>Колева И.</b>	докт. (Болгария)
<b>Отар Э. С.</b>	PhD (Қазақстан)
<b>Сейтқазы П.Б.</b>	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
<b>Сунарчина М.М.</b>	э.ғ.д., проф. (Ресей)
<b>Толубекова Р.К.</b>	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
<b>Уразбаева Г.Т.</b>	п.ғ.д., доцент (Қазақстан)
<b>Хан Н.Н.</b>	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
<b>Хаяти Тюфекчиоглу</b>	э.ғ.д., проф. (Түркия)
<b>Шайхисламов Р.Б.</b>	э.ғ.д., проф. (Ресей)
<b>Шалғынбаева Қ.Қ.</b>	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Сәтпаев к-сі, 2, 408 б.,  
Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31432)  
E-mail: vest\_pedpsysoc@enu.kz

*Жауапты хатишы, компьютерде беттеген:* Ә. С. Жұматаева

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы.**

**ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. ӘЛЕУМЕТТАНУ сериясы**

Меншіктенуші: ҚР БЖҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК  
Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде тіркелген. 27.03.18 ж. № 17001-  
Ж -тіркеу куәлігімен тіркелген.

Мерзімділігі: жылына 4 рет.

Тиражы: 35 дана

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі, 13/1, тел.: +7(7172)709-500  
(ішкі 31432)

© **Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті**

**Editor-in-Chief**  
Doctor of Pedagogical Sciences,  
Prof.(Kazakhstan)  
**A.A. Moldazhanova**

Deputy Editor-in-Chief (pedagogy) **G.Zh.Menlibekova**, Doctor of Pedagogical Sciences,  
Prof. (Kazakhstan)  
Deputy Editor-in-Chief (psychology) **A.R. Yermentayeva**, Doctor of Psychological Sciences,  
Prof. (Kazakhstan)  
Deputy Editor-in-Chief (sociology) **N.O. Baigabylov**, PhD in Sociology (Kazakhstan)

*Editorial board*

<b>Esengalieva A. M.</b>	Can. of Pedagogical Sciences, Assoc.Prof. (Kazakhstan)
<b>Ivanova G.P.</b>	Doctor of Pedagogical Sciences (Russia)
<b>Islamova Z.M.</b>	Can. of Pedagogical Sciences, Assoc.Prof. (Russia)
<b>Kazhgaliyeva A.</b>	Doctoral Candidate (Kazakhstan)
<b>Kaldybayeva O.V.</b>	PhD (Kazakhstan)
<b>Koleva I.</b>	Dr. (Bulgaria)
<b>Otar E.S.</b>	PhD (Kazakhstan)
<b>Seytkazy P.B.</b>	Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)
<b>Sunarchina M.M.</b>	Doctor of Sociology, Prof. (Russia)
<b>Toleubekova R.K.</b>	Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)
<b>Urazbayeva G.T.</b>	Doctor of Pedagogical Sciences, Assoc.Prof. (Kazakhstan)
<b>Khan N.N.</b>	Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)
<b>Hayati Tufekcioglu</b>	Doctor of Sociology, Prof. (Turkey)
<b>Shaikhislamov R.B.</b>	Doctor of Sociology, Prof. (Russia)
<b>Shalgynbayeva K.K.</b>	Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)

Editorial address:2, Satpayev str., of.408, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010008  
L.N.Gumilyov Eurasian National University  
Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31432)  
E-mail: vest\_pedpsysoc@enu.kz

*Responsible secretary, computer layout: A.S.Zhumatayeva*

**Bulletin of L.N.Gumilyov Eurasian National University PEDAGOGY. PSYCHOLOGY. SOCIOLOGY Series**

**Owner:** Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of information and communication of Republic of Kazakhstan.

Registration certificate No. 17001-Ж from 27.03.18

Periodicity: 4 times a year

Circulation: 35 copies

Address of printing house: 13/1 Kazhimukan str., Nur-Sultan, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext.31432)

© **L.N.Gumilyov Eurasian National University**

**Главный редактор**  
**д.п.н., профессор**  
**А. А. Молдажанова** (Казахстан)

Зам. главного редактора (педагогика)	<b>Г.Ж. Менлибекова</b> , д.п.н., проф. (Казахстан)
Зам. главного редактора (психология)	<b>А.Р. Ерментаева</b> , д.пс. наук, проф. (Казахстан)
Зам. главного редактора (социология)	<b>Н.О. Байгабылов</b> , PhD (Казахстан)

*Редакционная коллегия*

<b>Есенгалиева А. М.</b>	к.п.н., доцент (Казахстан)
<b>Иванова Г.П.</b>	д.п.н. (Россия)
<b>Исламова З.М.</b>	к.п.н., доцент (Россия)
<b>Кажгалиева А.</b>	докторант (Казахстан)
<b>Калдыбаева О.В.</b>	PhD (Казахстан)
<b>Колева И.</b>	докт. (Болгария)
<b>Отар Э. С.</b>	PhD Казахстан
<b>Сейтказы П.Б.</b>	д.п.н., проф. (Казахстан)
<b>Сунарчина М.М.</b>	д.с.н., проф. (Россия)
<b>Толубекова Р.К.</b>	д.п.н., проф. (Казахстан)
<b>Уразбаева Г.Т.</b>	д.п.н., доцент (Казахстан)
<b>Хан Н.Н.</b>	д.п.н., проф. (Казахстан)
<b>Хаяти Тюфекчиоглу</b>	д.с.н., проф. (Турция)
<b>Шайхисламов Р.Б.</b>	д.с.н., проф. (Россия)
<b>Шалгынбаева К.К.</b>	д.п.н., проф. (Казахстан)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Сатпаева, 2, каб. 408,  
Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева  
Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31432)  
E-mail: vest\_pedpsysoc@enu.kz

*Ответственный секретарь, компьютерная верстка:* А. С. Жуматаева

**Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева.**

**Серия: ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. СОЦИОЛОГИЯ.**

**Собственник:** РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК  
Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан.

Регистрационное свидетельство № 17001-Ж от 27.03.18 г.

Периодичность: 4 раза в год

Тираж: 35 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: +7(7172)709-500 (вн.31432)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

## МАЗМҰНЫ

### ПЕДАГОГИКА

<i>Абишев Н.А., Кабылова М.С.</i> Жоғары мектепте тіл мамандықтары мұғалімдерін оқу-тәрбие үдерісінде өзара іс-әрекет етуге психологиялық-педагогикалық даярлау .....	8
<i>Асылбекова М.П., Абибулаева А.Б., Аймағамбетова Р.Х.</i> Әлеуметтік жетімдіктің профилактикасы: қазақстандық аспект .....	15
<i>Березнова Е.В., Абдиркенова А.К.</i> Медиабілім мазмұнын қалыптастыру шарттары .....	25
<i>Жантасова Ж.З., Тлебалдинова А.С., Нугуманова А.Б., Жұртпаева А.Ә., Қайдарова М.А.</i> Балалардың ауызша және жазбаша сөйлеу тілін түзетуге арналған бағдарламалық жасақтама әзірлеу .....	32
<i>Жиентаева Б.Ж.</i> Ересектерге қосымша білім берудің ерекшеліктері .....	42
<i>Жолдасбекова С.А., Парманқұлова П.Ж.</i> Педагогтарды инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жасауға даярлау мәселелері .....	49
<i>Қударова Н.А., Тулекова Г.М.</i> Жоғары оқу орнындағы студенттердің көшбасшылық қасиеттерін ұлттық сипатта өркендетудің амалдары мен жолдары .....	55
<i>Қунтубаева Д.К.</i> Инновациялық білім берудегі оқыту технологияларының маңызы .....	64
<i>Оразалиева Р.Б.</i> Тәуелсіз Қазақстан жағдайындағы білім берудің заманауи үрдістері .....	70
<i>Рахымбердиева А.В.</i> Білім беру жүйесі менеджерлерін даярлауды ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету .....	76
<i>Сламбекова Т.С., Жұмыкбаева А.К.</i> Педагог кадрлардың біліктілігін арттырудағы бағалаудың халықаралық стандарттарға сәйкестігі .....	84
<i>Уайханова М. Ә.</i> Мектеп оқулығы мазмұнының мәдениеттанулық үлгісі .....	90
<i>Чункенова С.С.</i> Жаңа білім беру жүйесіне үйлесімді мұғалім тұлғасы .....	100
<i>Туякова Ұ.Ж., Шалғынбаева Қ.Қ.</i> Эмоциялардың психологиялық теорияларының эмоционалдық интеллектіге негіз болу мәселелері .....	105

### ПСИХОЛОГИЯ

<i>Адилъжанова К.С.</i> Эмоционалды интеллект түсінігі және оны зерттеудегі бағыттар .....	118
<i>Ерментәева А.Р., Аубакирова Ж.Қ., Майлыбаева Ж.С.</i> Студенттік кезеңдегі тұлғалық даму .....	125
<i>Орынғалиева Ш.О.</i> Психологиялық күзінеттілік феноменологиясын зерттеудің теориялық мәселелері .....	133
<i>Карибаева Г.М., Қонысова А.Ж.</i> Әскери қызметтегі жас мамандардың кәсіби іс-әрекетіне бейімделуінің психологиялық ерекшеліктері .....	140
<i>Карибаева Г.М., Тоқтарбай Г.Ә.</i> Мектепке дейінгі жастағы балаларда агрессиялық мінез-құлықтың пайда болуының психологиялық ерекшеліктері .....	148

### ӘЛЕУМЕТТАНУ

<i>Бейсембаев С.Н.</i> Қазақстандағы зомбылық экстремизмінің алдын алудың саяси-басқарушылық аспектілері .....	155
<i>Каримова Г.К., Сейдуманов С.Т.</i> Қазақ әйелінің сәйкестігі: әлеуметтік мәртебесі мен ұлттық бас киімі .....	164

## CONTENTS

### PEDAGOGY

<i>Abishev N.A., Kabylova M.S.</i> Psychological and pedagogical training in higher educational institution of teachers of language specialties for communication in teaching and educational process .....	8
<i>Assylbekova M. P., Abibulayeva A.B., Aimagambetova R.H.</i> Prevention of social orphanhood: Kazakhstan case study .....	15
<i>Berezhnova E.V., Abdirkenova A.K.</i> The conditions of formation of content of media education .....	25
<i>Zhantasova Zh.Z., Tlebaldinova A.S., Nugumanova A.B., Zhurtpayeva A.A., Kaydarova M.A.</i> Correction software development different sides of speech and writing in children .....	32
<i>Zhiyentayeva B. Sh.</i> Features of Adult Education .....	42
<i>Zholdasbekova S.A., Parmankulova P. Zh.</i> Problems of training teachers for work in conditions of inclusive education .....	49
<i>Kudarova N.A., Tulekova G.M.</i> Ways and means of leadership development among students of higher educational institutions on the basis of national character .....	55
<i>Kuntubaeva D.K.</i> The role of educational technology in innovative education .....	64
<i>Orazalieva R.B.</i> Modern educational trends in the conditions of independent Kazakhstan .....	70
<i>Rakhymberdiyeva A.V.</i> Scientific and methodological support of training managers of the education system .....	76
<i>Slambekova T.S., Zhumykbayeva A.K.</i> Compliance of independent assessment in the system of professional development of teachers with international standards .....	84
<i>Uaikhanova M. A.</i> The culturological model of the school text-book content .....	90
<i>Chunkenova S.S.</i> Teacher's personality in the new education system .....	100
<i>Tuyakova U. Z., Shalgynbayeva K.K.</i> Psychological theory of emotion is the basis of emotional intelligence .....	105

### PSYCHOLOGY

<i>Adilzhanova K.S.</i> The concept of emotional intelligence and directions in its research .....	118
<i>Yermentayeva A. R., Aubakirova Zh. K., Mailybayeva Zh. C.</i> Development of personality in the student age .....	125
<i>Oryngalieva Sh.O.</i> Theoretical problems of research of phenomenology of psychological competence .....	133
<i>Karibayeva G.M., Konysova A.Zh.</i> Features of the psychological adaptation of young specialists in military service to professional activity .....	140
<i>Karibaeva G. M., Toktarbai G. A.</i> Psychological characteristics of aggressive behavior in preschool children .....	148

### SOCIOLOGY

<i>Beissembayev S.N.</i> Public policy aspects of prevention of extremism in Kazakhstan .....	155
<i>Karimova G.K., Seidumanov S.T.</i> Identity of Kazakh woman: social status and national headwear .....	164

## СОДЕРЖАНИЕ

### ПЕДАГОГИКА

<i>Абишев Н.А., Кабылова М.С.</i> Психолого-педагогическая подготовка учителей языковых специальностей в вузе к взаимодействию в учебно-воспитательном процессе .....	8
<i>Асылбекова М.П., Абибулаева А.Б., Аймагамбетова Р.Х.</i> Профилактика социального сиротства: казахстанский аспект .....	15
<i>Березнова Е.В., Абдиркенова А.К.</i> Условия формирования содержания медиаобразования .....	25
<i>Жантасова Ж.З., Тлебалдинова А.С., Нугуманова А.Б., Жұртпаева А.Ә., Қайдарова М.А.</i> Разработка программного обеспечения по коррекции разных сторон устной и письменной речи у детей .....	32
<i>Жиентаева Б. Ж.</i> Особенности дополнительного образования взрослых .....	42
<i>Жолдасбекова С.А., Парманкулова П.Ж.</i> Проблемы подготовки педагогов к работе в условиях инклюзивного образования .....	49
<i>Кударова Н. А., Тулекова Г. М.</i> Пути и способы развития лидерских качеств у студентов высших учебных заведений на основе национального характера .....	55
<i>Кунтубаева Д. К.</i> Роль образовательных технологий в инновационном образовании .....	64
<i>Оразалиева Р.Б.</i> Современные тенденции образования в условиях независимого Казахстана .....	70
<i>Рахымбердиева А.В.</i> Научно-методическое обеспечение подготовки менеджеров системы образования .....	76
<i>Сламбекова Т.С., Жумыкбаева А.К.</i> Соответствие независимого оценивания в системе повышения квалификации педагогических кадров международным стандартам .....	84
<i>Уайханова М. А.</i> Культурологическая модель содержания школьного учебника .....	90
<i>Чункенова С.С.</i> Личность учителя в новой системе образования .....	100
<i>Туякова У.Ж., Шалгынбаева К.К.</i> Проблемы психологических теорий эмоции как основы эмоционального интеллекта .....	105

### ПСИХОЛОГИЯ

<i>Адилъжанова К.С.</i> Понятие эмоционального интеллекта и направления его исследования .....	118
<i>Ерментаева А.Р., Аубакирова Ж.К., Майлыбаева Ж.С.</i> Развитие личности в студенческом возрасте .....	125
<i>Орынғалиева Ш.О.</i> Теоретические проблемы исследования феноменологии психологической компетенции .....	133
<i>Карибаева Г.М., Конысова А.Ж.</i> Особенности психологической адаптации молодых специалистов на военной службе к профессиональной деятельности .....	140
<i>Г.М. Карибаева, Г.А. Токтарбай.</i> Психологические особенности возникновения агрессивного поведения у детей дошкольного возраста .....	148

### СОЦИОЛОГИЯ

<i>Бейсембаев С.Н.</i> Политико-управленческие аспекты профилактики экстремизма в Казахстане .....	155
<i>Каримова Г.К., Сейдуманов С.Т.</i> Идентичность казахской женщины: социальный статус и национальный головной убор .....	164



XFTAP 14.37.27

**Т.С. Сламбекова, А.К. Жумыкбаева**

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
(E-mail: [tolkyn\\_1969@mail.ru](mailto:tolkyn_1969@mail.ru), [akmaral\\_kazbek@mail.ru](mailto:akmaral_kazbek@mail.ru))*

### **Педагог кадрлардың біліктілігін арттырудағы бағалаудың халықаралық стандарттарға сәйкестігі**

**Аннотация.** Мақалада «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы тәжірибесі негізінде жалпы білім беретін мектептердің педагог кадрларының біліктілігін арттыру шеңберінде халықаралық стандарттарға сәйкес бағалау жүйесінің ерекшеліктері талданады. Еліміздегі біліктілік арттыру жүйесінің дамуына, негізгі бағыттарына шолу жасалады. Зерттеу барысында «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының «Педагогикалық өлшеулер орталығы» филиалының бағалау бойынша құжаттары зерделеніп, тәуелсіз бағалауды жүзеге асыру тәжірибесіне талдау жүргізіледі. Талдау негізінде біліктілік арттыру шеңберінде бағалау жүйесінің ерекшеліктері анықталып, бағалау үдерісінің оқыту сапасын арттыруға қалай ықпал ететіндігі бойынша тұжырымдар келтірілген.

**Түйін сөздер:** біліктілік арттыру жүйесі, бағалау жүйесінің ерекшеліктері, бағалау қағидалары, бағалау құралдары, бағалау критерийлері.

**DOI:** [https:// doi org/ 10.32523/2616-6895-2019-128-3-84-89](https://doi.org/10.32523/2616-6895-2019-128-3-84-89)

Сапалы білім беру еліміздің негізгі даму басымдықтарының бірі болып табылады. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының «Мұғалім қызметі» баяндамасында: Тиімді мұғалімдерді дамыту, оларды тарту және тұрақты түрде қалай ұстап тұру мәселесі бойынша «қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін мұғалімдер тез өзгеретін әлемге үнемі бейімделуі тиіс» екендігі аталады [1,3 б]. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты жолдауының «Адами капитал– жаңғыру негізі» бөлімінде білім берудің жаңа сапасын қамтамасыз етудің нақты алгоритмі ұсынылған. Барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет екендігі баса назар қойылып айтылған. Ол үшін педагогтарды оқыту және олардың біліктілігін арттыру жолдарын қайта қарау қажеттілігі негізделген [2, 1 б].

Білім беру жүйесінде соңғы он бес жылда педагог кадрлардың біліктілік арттыру жүйесін модернизациялау үдерісінің трендке айналғанын көруге болады. Оның себебі ретінде білім беру жүйесінің осы буыны экономиканың барлық салалары мен қоғамның рухани өмірі үшін қажетті кез-келген қоғамды дамытудың маңызды механизмдерінің бірі болып табылатындығын айтуға болады. Сондықтан, қоғамның барлық саласындағы болып жатқан өзгерістер елімізде педагог кадрлардың біліктілік арттыру жүйесін модернизациялау қажеттілігін негіздейді. Мемлекет тарапынан мектептегі білім беруге жан-жақты қолдау көрсетілуде, соның арқасында мектептегі білім берудің ұлттық моделі қалыптасты. Оған әсер етуші фактор ретінде мұғалімдердің біліктілік арттыру жүйесінің дамуын атап көрсетуге болады. Біліктілікті арттыру мұғалімнің кәсіби дамуының міндетті шарты болып табылады. Педагогикалық қызметкердің ұзақтығы төрт айдан аспайтын кем дегенде бес жылда бір рет біліктілігін арттыруға құқығы бар. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру жүйесі үздіксіз білім беру жүйесінде лайықты орынға ие болды. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері біліктілікті арттыру курстарымен, конференциялармен, семинарлармен,



вебинарлармен және кәсіби дамудың басқа нысандарымен 1,6 миллионнан астам мұғалім қамтылды [3, 242-243 б].

Елімізде 2011-2012 жылдары педагог кадрлардың біліктілігін арттыру жүйесіне өзгерістер енгізіліп, модернизацияланды. Мұғалімдердің инновациялық бағдарламалар бойынша курстық дайындықтан өтудің жаңа инфрақұрылымы – «Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы (ДББҰ) жанындағы Педагогикалық шеберлік орталығы еліміздің 16 аймағында филиалдарымен қоса құрылды. Республикалық білім беру жүйесі педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыру институтын мен 16 облыс орталықтарындағы филиалдарымен «Өрлеу» Ұлттық біліктілікті арттыру орталығы» акционерлік қоғамы құрылды. Осы екі оқыту орталығы негізінді халықаралық тәжірибеге сәйкес жалпы білім беретін мектептердің педагог кадрлар біліктілігінің кәсіби деңгейін дамыту бойынша біршама жұмыстар жүргізілуде. 2012 жылдан бастап елімізде «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ мен Кембридж университетінің Білім беру факультеті бірлесіп әзірлеген мұғалімдердің біліктілігін арттырудың үш деңгейлік «базалық», «негізгі», «ілгері» бағдарламалары, кейін 2016 жылдан бастап модернизацияланған «Тиімді оқыту мен оқу», «Мектептегі мұғалім көшбасшылығы», «Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы» бағдарламалары сәтті жүзеге асырылып келеді. Оқытудың деңгейлік тәсілі осы жобаның инновациялық аспектісі болып табылады. Бағдарламалардың мазмұны Қазақстандық білім беруді дамыту стратегиясының мақсаттарымен, ЮНЕСКО-ның және Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының ұсыныстарымен үйлеседі. Курстардың жаңартылған бағдарламасы оқыту мен оқудағы жаңа әдістердің, диалогтық оқытудың, сын тұрғысынан ойлауға үйретудің, жас ерекшеліктеріне сәйкес оқытудың, ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолданудың, талантты және дарынды балаларды оқытудың, оқу үшін және оқыту үшін бағалау, оқытуды басқару және көшбасшылық идеяларына негізделген. Мұғалімдерге оқу барысында алған білім мен дағдыларды барынша тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

Біліктілік арттыру жүйесін модернизациялау нәтижесінде енгізілген өзгерістің айрықша бөлігі оқыту нәтижесі бойынша педагогтың біліктілігін растау үдерісі болды. Демек, педагогтер біліктілік арттыру курсы бойынша меңгерген білімін растау үшін тәуелсіз бағалау үдерісі жүргізіліп, оның нәтижесі бойынша педагог сертификатталады. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық өлшеулер орталығы мен Кембридж (Кембридж Халықаралық Емтихан Кеңесі мен Кембридж университетінің Білім беру Факультеті) арасындағы ынтымақтастық нәтижесінде педагогикалық қызметкерлерді тәуелсіз бағалау жүйесін әзірледі. Бұл бағалау жүйесі Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстары бағдарламасы мен Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру курстарында қолданылады. Біліктілік арттыру шеңберінде бағалаудың бір ерекшелігі бағдарламаның барлық қатысушыларының түйінді критерийлерге сәйкес үнемі бағаланып отыруында. Бағдарламаға қатысушылар деп отырған курс тыңдаушылары – жалпы білім беретін мектептің педагог кадрлары, оларды оқытатын тренерлер және бағалау үдерісін жүзеге асыратын эксперттер. Бағдарламаның барлық қатысушылары түйінді критерийлерге сәйкес бағаланады: бағдарламаның идеяларын білу мен түсіну, осы идеяларды өз тәжірибесінде қолдану мен идеяларды тәжірибеде жүзеге асыру рефлексиясы. Бағалау құжаттарының ағылшын тіліндегі алғашқы нұсқалары Кембриджбен ынтымақтастықта жасалған. Бағалау үдерісінде Кембридж Халықаралық Емтихан Кеңесі бағдарлама тренерлері мен эксперттерін бағалау және аккредиттеу сапасын сыртқы қадағалауды жүзеге асырды. 2012 мен 2015 жылдар аралығында Кембридж Халықаралық Емтихан Кеңесінің басшылығымен Педагогикалық өлшеулер орталығы эксперттері бағалау рәсімдерін өткізді. Осы кезең барысында басты назар эксперттердің мақсатты түрде біліктілігін арттыру

болды. Эксперттер 2016 жылдан бастап тренерлер мен эксперттерді тәуелсіз бағалау және аккредитациялауды жүргізе алады. Осылайша, 2016 жылдың қаңтарынан бастап рәсімдер мен материалдарға барлық өзгерістер Кембридждің қатысуынсыз енгізіледі [4, 2-3 б]. Бұл дегеніміз біліктілік арттыру курстары шеңберінде жүргізілетін бағалаудың халықаралық стандарттарға сәйкес екендігін растайды.

Педагог кадрлардың біліктілік арттыру курстары шеңберінде формативті (қалыптастырушы) және суммативті (жиынтық) бағалау жүргізіледі. Оқытуды, оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдерді жақсарту мүмкіндіктерін және осы мүмкіндіктерді іске асыру түрлерін анықтауға бағытталған бағалау формативті (қалыптастырушы) бағалау деп аталады. Егер бағалау мақсаты баға қою, сертификаттау немесе оқытудың алға жылжуын тіркеу үшін оқыту қорытындысын шығару болса, онда өзінің функциясы бойынша суммативті (жиынтық) бағалау жиынтық болып табылады. Бағалаудың мақсаты оқу сапасына қатысты түзету міндетін, оқу үдерісіндегі қиындықтарды анықтау, оқыту нәтижелері туралы кері байланыс, мотивация, болжау және іріктеу, стандарттарды бақылау және орындау, білім беру бағдарламасының мазмұнын және оқыту стилін бақылауды қамтиды. Кез келген нысанды бағалаудың негізінде тек қана объективті немесе жеткілікті дәрежеде объективті емес нормалар мен стандарттар ғана емес, сондай-ақ білім алушының дамуы, оқуы және ынтасы туралы түсінік, сонымен қатар өзін өзі бағалау, қабілеттілік және күш-жігер сияқты ұғымдарға қатысты құндылықтар жатады (Александр, 2001) [5, 52 б]. Бағалау – одан арғы оқу туралы шешім қабылдау мақсатымен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жиынтықтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылатын термин. «Бағалау» термині «жақын отыру» дегенді білдіретін латын сөзінен шыққандығы кездейсоқ емес, себебі бағалаудың негізгі сипаты бір адам басқа адамның не айтып, не істегенін немесе өзін-өзі бақылау жағдайында өзінің дербес ойлауын, түсінігін немесе тәртібін мұқият бақылауы болып табылады. Бұл ресми тестілер мен емтихандардан бастап, мұғалімдер сыныптарда күніне жүз рет өткізетін бейресми бағалауға дейінгі бүкіл бағалау түрлерін қамтиды. Бағалау түрлі мақсаттарды көздейтін түрлі формада өткізіледі. Дегенмен, бағалаудың барлық түрлеріне жалпы сипаттамалар тән: бақылау; алынған мәліметтердің интерпретациясы; бұдан арғы іс-әрекетті анықтауға бағытталған қорытынды [5, 53 б].

Біліктілік арттыру жүйесіндегі бағалауға қатысушылар үшін тәлімгерлік арқылы формативті бағалау, өз тәжірибелеріне енгізілген өзгерістермен даму дәлелдемелері негізінде суммативті бағалау жүзеге асырылады. Біліктілік арттыру курстары бағдарламаларына қатысушылар үшін түйінді бағалау критерийлері бірыңғай анықталғанымен, оларды бағалау рәсімдерді өткізу бойынша ерекшеленеді. Біліктілік арттыру курсынан өткен мұғалім үш компонент бойынша суммативті бағаланады: портфолио, таныстырылым, тестілеу форматындағы біліктілік емтиханы. [6, 5 б]. Бағалаудың сенімділік қағидатын қамтамасыз ету үшін бағалау үдерісіне тыңдаушы, тыңдаушыны оқытқан тренер және бағалаушы эксперт қатысады. Бұл өз кезегінде бағалаудың объективтілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Біліктілік арттыру курсы барысында тыңдаушы бағдарлама идеяларына сәйкес өз тәжірибесіне қандай өзгерістер енгізгені бойынша тәжірибесін талдау дәлелдемелерін құрайтын рефлексиялық есеп түрінде портфолио жинақтайды. Тыңдаушы портфолиосын топ тренері суммативті бағалайды. Тыңдаушы портфолио дәлелдемелерінің шынайылығын көрсету мақсатында критерийлерге сәйкес таныстырылым даярлайды. Таныстырылымды арнайы тағайындалған тәуелсіз тренер және тыңдаушының әріптестері суммативті бағалайды. Бағалаудың үшінші компоненті тест бағдарлама идеяларын барлық модульдерін қамти отырып, тыңдаушылардың бағдарлама идеяларын білу мен түсінуін тексереді. Жазбаша түрдегі тестілеу форматындағы біліктілік емтиханын Педагогикалық өлшеулер орталығы жүргізеді. Бағалаудың үш компоненті бойынша «қанағаттанарлық» бағасын алған тыңдаушы курс нәтижесі бойынша сертификатталады. Осы орайда, негізгі

суммативті бағалау мақсаты сертификация болғанымен, тренерлер мен тыңдаушылармен сұхбаттасу барысында бағалауға дайындық үдерісі тыңдаушылардың бағдарлама идеяларын тереңірек меңгерулеріне, өзін өзі реттелулеріне ықпал ететіндігі айқындалды. Себебі, бағалау құралдары бағдарламаның түйінді идеяларына негізделі отырып, бағалау мақсатының курстың оқу мақсатына сәйкестігінде болып табылады. Бұл дегенімін бағалау құралдарының валидтілігін көрсетеді. Бағалау рәсімдерінің тыңдаушының бағдарлама идеяларын білу, түсіну, өз тәжірибесінде қолданын және рефлексиялауын түрлі формадағы бағалау құралдары арқылы тексерілуі бағалаудың сенімділігін, жеткіліктілігін көрсетеді. Бағалау рәсіміне тыңдаушылардың, топ тренерінің, әріптестерінің, бағалаушы эксперттің қатысуы, осы қатысушылардың бағалау шешімдерінің бірыңғай болуы, түрлі бағалау құралдары бойынша алынған нәтижелер корреляциясының талдануы бағалаудың сенімділігін, әділдігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Біліктілік арттыру бағдарламалары аясында бағалауға қатысушылардың кәсіби дамуын формативті және суммативті бағалау үдерісінде валидтілік, сенімділік, шынайылық, жеткіліктілік қағидаттары негізге алынады. Бағалаушы эксперттер бағалау нәтижелерін талдау арқылы оқыту үдерісіндегі кедергілерді анықтауға, олардың алдын алу үшін оқыту үдерісіне қолдау көрсету тәсілдерін ұсынады.

Біліктілік арттыру жүйесі шеңберінде бағалау мынадай ерекшеліктерге тән:

- ✓ ҚР педагог қызметкерлерінің біліктілік арттыру жүйесі шеңберінде бағалаудың халықаралық деңгейде мойындалған Кембридж халықаралық емтихан кеңесінің стандарттарына сәйкестігі;
- ✓ Оқыту мен бағалауды жүргізуші орталықтардың бір-біріне тәуелсіздігі;
- ✓ Біліктілік арттыру курстары тыңдаушыларының бірнеше компонент бойынша бағалаудан өтуі;
- ✓ Бағалау үдерісіне қатысатын барлық тұлғалардың (курс тыңдаушысы, оны оқытатын тренер және бағалаушы эксперттің) бірыңғай түйінді критерийлер арқылы бағалануы.
- ✓ Формативті және суммативті бағалаудың үйлесімділігі;
- ✓ Бағалау үдерісіне қатысушы тұлғалардың бағалау талаптарын алдынала білуі, бағалау нәтижелерінің порталға жүктелуі арқылы бағалаудың ашықтығы қамтамасыз етіледі;
- ✓ Бағалаудың валидтілігі - бағалау құралдарының біліктілік арттыру курстары бағдарламаларының күтілетін нәтижелеріне сәйкестігі арқылы қамтамасыз етіледі;
- ✓ Бағалаудың сенімділігі – бағалаудың топ тренері, тәуелсіз тренер, эксперт, тәуелсіз эксперт, тимлидердің бағалары сәйкестендіріліп, модерация үдерісі арқылы қамтамасыз етіледі.

Қорыта келе, біліктілік арттыру курстары шеңберінде бағалау – курс тыңдаушыларының өзінің оқу нәтижесіне деген жауапкершілігінің артуына, бағалау арқылы тыңдаушылардың бағдарламаның түйінді тұстарына көбірек мән беруіне, өз тәжірибелері туралы ойланып, жетілдіру жолдарын анықтауларына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бағалау нәтижелері бойынша біліктілік арттыру курстарының қай бағытта дамыту қажеттігі бойынша әкімшілік шешімдер қабылдауға мүмкіндік ашады.

Елбасымыздың халыққа арналған жолдауында «...біліктілікті растаудың тәуелсіз жүйесін құру қажет. Мемлекет бір мезгілде білім беру қызметтерін ұсынып және олардың сапасын бағаламауы тиіс» деп көрсетуі, қазіргі уақытта халықаралық стандарттарға сәйкес тәуелсіз бағалау жүйесін зерттеудің, оны тәжірибеге кеңінен енгізудің қажеттігін көрсетеді.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Мұғалім қызметі: тиімді мұғалімдерді дамыту, оларды тарту және тұрақты түрде ұстап тұру. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының баяндамасы, 2005. – 36. - URL: <https://www.oecd.org/education/school/34990905.pdf> (қаралған күні: 6.03.19).
2. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері. 10.01.2018 - URL: <https://www.oecd.org/education/school/34990905.pdf> (қаралған күні: 6.03.19).
3. Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің жай-күйі мен дамуы туралы ұлттық баяндама (Қазақстан Тәуелсіздігінің жылдарында). - Астана, 2017. - 242-243 б. - URL: [http://iac.kz/sites/default/files/nd-2017\\_kaz\\_18.08.2017-ilovepdf-compressed.pdf](http://iac.kz/sites/default/files/nd-2017_kaz_18.08.2017-ilovepdf-compressed.pdf) (қаралған күні: 6.03.19).
4. Білім беру бағдарламалары шеңберінде тренерді бағалау үлгісі / Назарбаев зияткерлік мектептері 2016. - 2-3 б.
5. «Тиімді оқыту мен оқу» бағдарламасы бойынша мұғалімдерге арналған нұсқаулық / Астана 2016. - 52-53 б.
6. «Тиімді оқыту мен оқу» бағдарламасы бойынша мұғалімдерді бағалау қағидалары / Назарбаев зияткерлік мектептері 2015. - 5 б.

**Т.С. Сламбекова, А.К. Жұмыкбаева**

*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан*

#### **Соответствие независимого оценивания в системе повышения квалификации педагогических кадров международным стандартам**

**Аннотация.** В статье анализируются особенности системы оценивания в соответствии с международными стандартами в рамках повышения квалификации педагогических кадров общеобразовательных школ на основе опыта автономной организации образования «Назарбаев Интеллектуальные школы». Представлены обзор основных направлений системы повышения квалификации педагогических кадров и история ее развития. В ходе исследования были изучены документы по оцениванию и опыт осуществления независимого оценивания филиала «Центр педагогических измерений» автономной организации образования «Назарбаев Интеллектуальные школы». На основе анализа определены особенности системы оценивания в рамках повышения квалификации, приведены выводы о том, как процесс оценивания способствует повышению качества обучения.

**Ключевые слова:** система повышения квалификации, особенности системы оценивания, принципы оценивания, инструменты оценивания, критерий оценивания.

**T.S. Slambekova, A.K. Zhumykbayeva**

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

#### **Compliance of independent assessment in the system of professional development of teachers with international standards**

**Annotation:** The article analyzes the features of the assessment system in accordance with international standards in the framework of professional development of teachers of general education schools based on the experience of the autonomous educational organization «Nazarbayev Intellectual Schools». The article presents an overview of the main directions and development of the professional development system of pedagogical personnel. In the course of the study, the documents on evaluation and experience of independent evaluation of the branch «center for pedagogical measurements» of the Autonomous educational organization «Nazarbayev Intellectual

schools» were studied. On the basis of the analysis, the features of the assessment system in the framework of professional development are determined, the conclusions about how the evaluation process contributes to improving the quality of training are given.

**Keywords:** professional development system, features of the assessment system, principles of assessment tools of assessment, criteria of assessment.

#### References

1. Mugalim kyzmeti: Tiimdi mugalimderdi damyту, olardy tartu zhane turakty turde ustap turu, JeYDY [Organisation for economic Co-operation and development (OECD). Teachers matter: Attracting, developing and retaining effective teachers, Paris], 2005. – P. 3. Available at: <https://www.oecd.org/education/school/34990905.pdf> (Accessed: 6.03.19).
2. KR Prezidenti N.Nazarbaevtyн Kazakstan halkuna Zholdaуy: Tortinshi onerkasiptik revoljucija zhagdajyndagy damudyn zhana mymkindikteri [Message of the President of the Republic of Kazakhstan N.Nazarbayev to the people of Kazakhstan: new opportunities for the development of the fourth industrial revolution], 10.01.2018. Available at: <https://www.oecd.org/education/school/34990905.pdf> (Accessed: 6.03.19).
3. Kazakstan Respublikasy bilim beru zhujesinin zhaj-kыji men damuy турaly ulttyk bajandama (Kazakstan Taulsizdiginin zhyldarynda) [National report on the state and development of the education system of the Republic of Kazakhstan (for the years of independence of Kazakhstan) (Astana, 2017, p. 242-243). Available at: [http://iac.kz/sites/default/files/nd-2017\\_kaz\\_18.08.2017-ilovepdf-compressed.pdf](http://iac.kz/sites/default/files/nd-2017_kaz_18.08.2017-ilovepdf-compressed.pdf) (Accessed: 6.03.19).
4. Bilim beru bagdarlamalary shenberinde trenerdi bagalau ylgisi [Assessment model of coach within the educational programs of the Nazarbayev Intellectual school] (Nazarbaev Zijatkerlik mektepteri, 2016, p. 2-3).
5. «Tiimdi okytu men oku» bagdarlamasy bojnsha mugalimderge arnalgan nuskaulyk [Instruction for teachers on the program «Effective teaching and learning» ] (Astana, 2016, p. 52-53).
6. «Tiimdi okytu men oku» bagdarlamasy bojnsha mugalimderdi bagalau kagidalary [Rules of teachers' assessment under the program «Effective teaching and learning» (Nazarbayev Intellectual schools, 2015, p.5).

#### *Авторлар туралы мәлімет:*

**Сламбекова Т.С.** - педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор м.а., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

**Жумыкбаева А.К.** - «Педагогика және психология» мамандығының докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

**Slambekova T.S.** - Candidate of pedagogical science, acting Professor, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

**Zhummykbayeva A.K.** - Doctoral Student of specialty «Pedagogy and psychology», L.N.Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.